

2-қосымша.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Қордағы цифрландыру өндірістік және бизнес-процестерді оңтайландыруға, олардың ашықтығын арттыруға және цифрлық ортаға көшіруге бағытталған, жасанды интеллект элементтері бар озық шешімдерді енгізуді көздейді. ЖИ қолдану деректерді өңдеудің тиімділігін, дәлдігін және жылдамдығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде Компаниялар тобы аясында өнімділіктің өсуіне тікелей ықпал етеді, сондай-ақ өндірістік операциялардың сапасы мен сенімділігін жақсартады.

2025 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН НЕГІЗГІ ШАРАЛАР:

Халықаралық ІТ ынтымақтастықты дамыту

Қор халықаралық ІТ ынтымақтастығын белсенді түрде дамытуда, жетекші халықаралық компаниялармен жұмыс кездесулерін өткізуде және Қытай, Америка Құрама Штаттары, Өзбекстан және Әзірбайжан сияқты елдерде халықаралық іс-шараларға қатысуда. Аталған іс-шаралар барысында жасанды интеллект технологиялары негізіндегі шешімдер, бұлттық платформалар, деректерді өңдеу орталықтары, телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мәселелері талқыланады, сондай-ақ Қордың портфельдік компанияларымен бірлесіп мұнай-газ, энергетика, көлік және тау-кен өндіру салаларында ЖИ технологияларын енгізудің практикалық сценарийлерін талдау мақсатында салалық воркшоптар ұйымдастырылады.

Қор тобы аясында жасанды интеллект элементтерін енгізу

Корпоративтік деңгейде Қор SKAI (Samruk-Kazyna Artificial Intelligence) бірыңғай корпоративтік жасанды интеллект экожүйесін дамытуды жалғастыруда. Бұл бастама жеті негізгі бағыт бойынша ЖИ-ассистенттерді енгізуге бағытталған: әлеуметтік сала, өндірістік қауіпсіздік, адам ресурстарын басқару (HR), тәуекелдерді басқару және құқықтық қамтамасыз ету, сатып алу, қаржы және инвестициялар.

Барлық ЖИ-агенттер «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін бірыңғай SKAI ассистентіне біріктірілетін болады.

Портфельдік компаниялар деңгейінде де өндірістік және корпоративтік міндеттерді шешуге арналған жасанды интеллектке негізделген агенттерді енгізу жұмыстары жалғасуда.

SKAI DATA платформасы

2025 жылы Қорда өндірістік деректерді орталықтандырылған жинау және өңдеуге арналған SKAI Data платформасын құру және енгізу жөнінде пилоттық жоба іске асырылды. Пилот шеңберінде бірқатар портфельдік компаниялармен интеграция қамтамасыз етіліп, түрлі дереккөздерден өндірістік көрсеткіштерді жинау, өңдеу және біріктірудің негізгі тәсілдері пысықталды.

Платформа нақты уақыт режиміне жақын форматта өндірістік көрсеткіштер бойынша өзекті ақпарат алуды қамтамасыз етіп, қызметтің ашықтығын және басқарушылық шешімдердің жеделдігін арттырды. Пилот барысында талдау құралдары мен деректерді зияткерлік өңдеу элементтері де сынақтан өткізіліп, олар ауытқуларды анықтауға, көрсеткіштердің динамикасын талдауға және ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер платформаны әрі қарай ауқымдау бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді, оның ішінде қосымша портфельдік компанияларды қосу, көрсеткіштер тізбесін кеңейту және функционалын, соның ішінде жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы одан әрі дамыту көзделуде.

Ішкі корпоративтік құжаттар бойынша жұмыс

2025 жылы «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы бойынша бірыңғай ІТ-стандарт бекітілді. Аталған стандарт цифрлық шешімдер архитектурасына және жасанды интеллект технологияларын қолдануға қойылатын бірыңғай талаптарды айқындайды.

ІТ-стандартты қабылдау Қор тобы деңгейінде ақпараттық технологияларды басқарудың бірыңғай қағидаттарын қалыптастыруға, цифрландыру деңгейінің жетілуін арттыруға және ІТ-жобаларды іске асырудың бірыңғай тәсілдерін енгізуге бағытталған.

Цифрлық жетілу деңгейін арттыру мақсатында портфельдік

компаниялардың ағымдағы цифрландыру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін бағалау әдіснамасы бекітілді.

2025 жылдың соңында Қордың бекітілген әдіснамасына сәйкес портфельдік компаниялардың цифрлық жетілуіне бағалау жүргізілді. Бағалау деректерді басқару, бизнес-процестерді автоматтандыру деңгейі, аналитикалық және ЖИ-шешімдерін енгізу, ІТ-инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ цифрландыру бөлігіндегі корпоративтік басқару жетілуі сияқты цифрлық трансформацияның негізгі бағыттарын қамтиды.

Алынған деректер негізінде цифрлық жетілуді арттырудың басым бағыттары айқындалды, оның ішінде платформалық шешімдерді енгізу, Big Data талдау саласын дамыту, ЖИ-бастамаларды ауқымдау және ақпараттық жүйелердің интеграция деңгейін арттыру көзделген.

Бағалау нәтижелері портфельдік компаниялардың цифрлық трансформациясының жол карталарын қалыптастыруға, нысаналы көрсеткіштерді айқындауға және Қор деңгейінде прогресті бақылау үшін пайдаланылады.

Директорлар кеңесінің цифрлық мүшесі

2025 жылғы қыркүйекте жасанды интеллект технологияларына негізделген AlemLLM тілдік моделін пайдалана отырып, SKAI цифрлық мүшесі Директорлар кеңесінің құрамына енгізілді. Енгізілген сәттен бастап SKAI Директорлар кеңесінің 6 отырысына қатысты.

SKAI корпоративтік басқарудың ашықтығы мен сапасын арттырудың жаңа құралына айналады. Жүйе ішкі және сыртқы нормативтік құжаттарды, 2008 жылдан бері қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін және Қор қызметінің бүкіл кезеңінде жинақталған өзге де материалдарды талдайды. Бұл басқарушылық шешімдерді неғұрлым негізді әрі салмақты қабылдауға мүмкіндік береді.

SKAI «Қазақтелеком» АҚ-ның Қазақстандағы екінші суперкомпьютері – AI Farabium базасында жабық контурда жұмыс істейді. Бұл – Орталық Азия өңіріндегі алғашқы осындай тәжірибе.

AI-Farabium суперкомпьютерлік кластері

AI-Farabium – 2025 жылдың қазан айында Алматы қаласында іске қосылған жоғары өнімді суперкомпьютерлік кластер. Ол еліміздің дербес жасанды интеллект инфрақұрылымын қалыптастырудағы негізгі элементтердің бірі және өңірдегі ірі есептеу жүйелерінің қатарына жатады. Кластер халықаралық TOP500 суперкомпьютерлер рейтингінде 103-орынды иеленді.

Ұлттық жобаларды басқару және бақылау платформасы

Инвестициялық қызмет тұрғысынан ұлттық жобаларды басқару және бақылау платформасында Қор тобының 47 инвестициялық жобасына арналған 6 басқару

тақтасы енгізілді. Инвестициялық портфель мәртебесін орталықтандырылған визуализациялау қамтамасыз етілді және платформа лицензияларының саны 17-ге дейін кеңейтілді.

Қордың басшылық құрамына өзекті деректер негізінде шешім қабылдау үшін қолжетімділік ұйымдастырылып, тиісті есептік жазбалар ұсынылды.

Қор тобының инвестициялық жобаларын іске асыруды бақылаудағы ашықтық арттырылды.

Қауіпсіздік жүйесі

Жоба шеңберінде объектінің қауіпсіздік жүйесі кешенді түрде жаңғыртылып, бейнеаналитика, орталықтандырылған басқару, істен шығуға төзімділік және оқиғаларды онлайн мониторингілеу функцияларын қамтитын, Face ID технологиясын қолдайтын заманауи бейнебақылау және қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесінің (ҚББЖ) бағдарламалық-аппараттық кешені енгізілді. Сонымен қатар, ішкі және сыртқы сервистермен интеграцияланған бірыңғай ақпараттық жүйеде қолжетімділікті басқару және өтінімдерді өңдеу процестері автоматтандырылды. Қордың серверлік инфрақұрылымы сенімділікті, істен шығуға төзімділікті және инженерлік инфрақұрылымды, оның ішінде климаттық бақылау, электрмен жабдықтау және қауіпсіздік жүйелерін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңартылды.

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

SKAI бірыңғай корпоративтік экожүйесі

Қор компаниялар көрсеткіштеріне нақты уақыт режимінде қолжетімділікті қамтамасыз ететін SKAI Data модулін қоса алғанда, бірыңғай корпоративтік ЖИ-экожүйесі SKAI-ды дамытуды жалғастырады.

SKAI деректері - бұл жасанды интеллект технологияларын пайдаланатын корпоративтік деректер қоймасы, ол бүкіл компаниялар тобы бойынша өндірістік көрсеткіштерді жинауға, өңдеуге және талдауға бағытталған.

Жасанды интеллект элементтерін енгізу

Қор тобында қолданыстағы жобалар аясында жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді жүйелі түрде дамыту және енгізу жалғасуда. Зияткерлік құралдар өндірісте, операциялық қызметте, талдауда, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және ішкі сервистерді қолдауда қолданылады. Бастамалар тиімділікті арттыруға, операциялық тәуекелдерді төмендетуге, басқарушылық шешімдердің сапасын жақсартуға және Қор тобының цифрлық жетілу деңгейін нығайтуға бағытталған.